## Швеция Корольдігінен Өзбекстан Республикасына жарылғыш материалдардың Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитіне рұқсат беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 29 қыркүйектегі N 994 қаулысы

"Экспорттық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 18 маусымдағы Заңына және "Экспорттық бақылауға жататын өнімдер транзитінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 11 тамыздағы N 1143 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Швеция Корольдігінен Өзбекстан Республикасына 2001 жылғы 28 маусымдағы N 27-1264 юр келісім-шарты бойынша қосымшаға сәйкес номенклатура мен санда " Алмалық тау-кен металлургия комбинаты" ашық үлгідегі акционерлік қоғамына ( Алмалық қаласы, Өзбекстан Республикасы) "Дино Нобель Швеция АБ" фирмасы ( Гютторп қаласы, Швеция Корольдігі) беретін жарылғыш материалдардың Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитіне рұқсат берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар, Ішкі істер министрліктері, Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі заңнамада белгіленген тәртіппен жарылғыш материалдардың Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитін бақылауды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі осы қаулыны іске асыру мақсатында қажетті шаралар қабылдасын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 29 қыркүйектегі N 994 қаулысына қосымша

## "Алмалық тау-кен металлургия комбинаты" ашық үлгідегі акционерлік қоғамы үшін (Алмалық қаласы, Өзбекстан Республикасы) "Дино Нобель Швеция АБ" фирмасы (Гютторп қаласы, Швеция Корольдігі) беретін тауарлардың саны

________________________________________________________________

Р/с|Тауардың атауы | СЭҚ ТН | Өлшем | Саны |Бағасы/| Құны АҚШ

| N | | коды | бірлігі | | дана | долларымен |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Nonel Unidet U500, 10.2 m | 360300100 | дана | 15050 | 2,18 | 32809,0 |
| 2 | Nonel Unidet U500, 15.0 m | 360300100 | дана | 10500 | 2,64 | 27720,0 |
| 3 | Nonel Unidet U475, 21.0 m | 360300100 | дана | 12000 | 4,18 | 50160,0 |
| 4 | Nonel Unidet U500, 21.0 m | 360300100 | дана | 5520 | 4,18 | 230,73,6 |
| 5 | Nonel Unidet U475, 27.0 m | 360300100 | дана | 6150 | 5,08 | 31242,0 |
| 6 | Nonel Unidet SL42,3,6 м | 360300900 | дана | 1500 | 1,35 | 2025,0 |
| 7 | Nonel Unidet SL67,9,0 м | 360300900 | дана | 5280 | 2,25 | 11880 |
| 8 | Nonel Unidet SL109,9,0 м | 360300900 | дана | 17220 | 2,25 | 38745,0 |
| 9 | Nonel Unidet SL176,9,0 м 1.48 | 360300900 | дана | 19020 | 2,25 | 42795,0 |
| 10 | Nonel Unidet | 360300900 Dynoline | дана | 91 1500 | 183,29 | 16679,39 m |
| | Жиыны | 277128.99 | | | | |

Жіберетін елі: Швеция Корольдігі

Шекаралық өту пункттері: Илецк-1 станциясы (Ресей Федерациясы) - Шеңгелді станциясы (Қазақстан Республикасы)

Баратын пункті: Ахангаран станциясы, Өзбекстан темір жолы (Өзбекстан Республикасы).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК